

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 қыркүйектегі N 951 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:  
1997 жылғы 7 наурызда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастық туралы**

**КЕЛІСІМ \***

*\*(Келісім 1998 жылғы 7 қазанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 3, 13-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі:

экономикалық және сауда байланыстарында техникалық тосқауылдарды жою мақсатында;

осы саладағы халықаралық ұйымдар қабылдаған қағидалар мен нормаларды ескере келе стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтылысын білдіре отырып,

екі Тараптың экономикалық мүддесін басшылыққа ала отырып мына төмендегілер жөнінде келісті:

**1-бап**

**Т а р а п т а р :**

өзара тиімді шарттар негізінде стандарттаудың, метрологияның және сертификаттаудың қолданылып жүрген мемлекеттік жүйелерін өзара таниды;

келісілген шарт бойынша стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік және анықтамалық құжаттардың өзара берілуін қамтамасыз етеді;

Тараптар бекіткен бірыңғай физикалық шаманың мемлекеттік эталондарын, заттар

мен материалдық қасиеттері құрамының стандарттық үлгілерін, заттар мен материалдардың физикалық константалары мен қасиеттері туралы стандарттық анықтамалық мәліметтерді таниды;

екінші Тарап жүргізген мемлекеттік сынақтардың, өлшеу құралдары типін бекітудің, калибрлеудің және метрологиялық аттестациялаудың нәтижелерін келісілген тәртіпте таниды;

Тараптардың салыстырып тексеру, сынау және калибрлеу, лабораторияларын орталықтарын тіркеуді жүргізетін ұйымдарын, сондай-ақ өзара келісілген процедуралар бойынша өлшеу құралдарын салыстырып тексеруді, сынауды және калибрлеуді жүзеге асыратын осы ұйымдар тіркеген лабораториялар мен орталықтарды келісілген тәртіпте өзара таниды;

екінші Тараптың сертификаттау жөніндегі органдарын, сынау лабораториялары мен орталықтарын; сондай-ақ өзара келісілген ережелер мен процедуралар бойынша өнімге және қызмет көрсетуге сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік белгілерін келісілген тәртіпте таниды.

## **2-бап**

Егер олардың талаптары Мемлекет заңдарына қайшы келмейтін болса Тараптардың кез келгені стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Ұлттық орган енгізген тәртіпте, екінші Тараптың стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативті құжаттарын қолдана алады.

## **3-бап**

Тараптар ынтымақтастықты қосымша Келісімдер, Хаттамалар және Бағдарламалар негізінде жүзеге асыратын болады.

## **4-бап**

Осы Келісімде көзделген жұмыстарды үйлестіру және олардың орындалу жауапкершілігі;

Қазақстан Республикасында - Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне;

Литва Республикасында - Стандарттаудың Литва департаментіне жүктеледі.

## **5-бап**

Егер беруші Тарап олардың құпиялылығын ескертсе, Тараптар осы Келісім шегінде жүргізілген жұмыстар туралы және қол жеткен ғылыми-техникалық нәтижелер туралы алған құжаттары мен ақпараттардың құпиялылығын сақтайды. Осы ақпарат оны беруші Тараптың келісімімен ғана үшінші мемлекетке жіберілуі мүмкін.

## **6-бап**

Осы Келісім, Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да екіжақтық немесе көпжақтық Келісімдерден туындайтын құқықтар мен міндеттерді жасай немесе өзгерте алмайды.

## **7-бап**

Осы Келісімді орындауға және түсіндіруге байланысты барлық даулар өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілуге тиіс.

#### **8-бап**

Осы Келісім Тараптардың өзара уағдаластық бойынша өзгертімі немесе толықтырыла алады.

#### **9-бап**

Осы Келісім олардың қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындауы туралы Тараптардың соңғы мәлімдеген күнінен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Егер Келісім қолданысының мерзімі біткенге дейін алты ай бұрын Тараптардың біреуі екінші Тарапқа оның күшін өзінің жойғысы келетін ниеті туралы жазбаша мәлімдемейтін болса, онда осы Келісімнің қолданысы келесі бесжылдық мерзімге ө з д і г і н е н ұ з а р т ы л а т ы н б о л а д ы .

Алматы қаласында 1997 жылы 07.03. екі данада, әрқайсысы қазақ, литва және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей, Келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Литва Республикасының*

*Үкіметі үшін*